



SOROS.KZ



OPEN BUDGET FELLOWSHIP 2018

ЗЕРТТЕУ

Мұнайлы ауданын көгалдандырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмін жетілдіру.

М. АМАНГЕЛДИЕВА

Бұл мақала Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен
"Zertteu Research Institute" ҚҚ жүзеге асырған Open
Budget Fellowship жобасының аясында жарияланды.
Жарияланым мазмұны авторлардың жеке көзқарасын
білдіреді, сәйкесінше Сорос-Қазақстан қорының көзқара-
сымен сәйкес келмеуі мүмкін.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1. Мұнайлы ауданында көгалдандыруды ұйымдастырудың негізгі мәселелері	3
1.1. Басқарушылық негіздеменің жетілмеуі	3
1.2. Заңнамалық шектеулер	4
1.3. Мемлекеттік сатып алу жұмысының жолға қойылмауы/кемшіліктері	5
2. Көгалдандыру ісін оңтайландыру бойынша ұсыныстар	9
2.1. Мұнайлы ауданын көгалдандыру ісін оңтайландыру бойынша ұсыныстар ...	9

КІРІСПЕ

Мұнайлы стратегиялық дамуына (Мұнайлы ауданының 2016-2020 жылдарға арналған аумақтарды дамыту бағдарламасы) көз жүгіртсек, елді мекендерді көгалдандыру жоспары ешбір нормативтік құжатта немесе ережеде ескерілмеген. Ескерілсе де оған жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбей отыр. Көгалдандыру мәселесі маңызсыз, қажеттілігі төмен сұрақ ретінде қалып қойып отыр.

Мұнайлы ауданына қарасты ауылдарды көгалдандыру қажеттілігі, соңғы уақытта елді мекенді қоныстайтын халық санының (тұрғын үйлердің, сауда ғимараттарының, автокөлік жолдарының, басқа да құрлыс объектілерінің) күрт өсуіне байланысты аса өзекті болып отыр.

Зерттеу жұмысының мақсаты - Мұнайлы ауданын көгалдандыруына бөлінетін бюджет қаражатының тиімділігі мен ашықтығын бағалауға арналған.

Талдау барысында қарастырылатын негізгі сұрақ:

Мұнайлы ауданын көгалдандыруға бөлінетін бюджет қаражаты неліктен тиімсіз жұмсалуда?

Зерттеудің эмпирикалық негізігі ретінде бастапқы және қайталама деректер көздерінің ақпараттары қолданылды. Бастапқы дерек көзі ретінде, жергілікті атқарушы билік орган өкілдерімен, мердігерлермен, агрономдармен, жергілікті тұрғындармен жүргізілген сараптама сұхбаттарының нәтижесі алынса, қайталама дерек көзі ретінде ашық көздердегі статистикалық ақпараттар, ресми сұраныстар, талдамалық есептер мен ғылыми мақалалар (аталған тақырыпта), мемлекеттік сатып алу порталының хаттамалары қолданылды

Зерттеу объектісі ретінде Мұнайлы ауданына қарасты 3 ауылдың (Атамекен, Басқұдық, Баянды ауылдары) көгалдандыру процесі қарастырады.

Зерттеу жұмысының әдістемесі:

- Заңнамалық актілерге шолу жасау
- Мемлекеттік сатып алу құжаттары мен жергілікті бюджеттік құжаттарға талдау жүргізу
- Сараптамалық сұхбат нәтижесі

Талдау жұмысы негізгі екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде, Мұнайлы ауданын көгалдандыруды ұйымдастырудың негізгі мәселелері қарастырылса, жұмыстың екінші бөлімі көгалдандыру ісін оңтайландыру бойынша ұсыныстар жасақтауға арналды.

1. МҰНАЙЛЫ АУДАНЫНДА КӨГАЛДАНДЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1. Басқарушылық негіздеменің жетілмеуі

Мұнайлы ауданында халық санының күрт өсуіне байланысты елді мекенді көгалдандыру мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Алайда, көгалдандыру жұмысын жүргізу барысында климаттық, географиялық ерекшеліктердің ескерілмеуі, мемлекеттік сатып алуға қатысты нормативтік-құқықтық актілердің жетілмегендігі (шикілігі), жергілікті атқарушы билік өкілдерінің құзіретінің шектеулігі, инновациялық технологияның игерілмеуі, білікті агроном мамандардың жетіспеуі, жариялылықтың болмауы, жергілікті тұрғындардың салғырттығы - аталған саланың дамуына кедергі келтіруші негізгі факторлар болып отыр.

Айта кету керек, елді мекендерді дамыту тәжірибиесінде көгалдандыру мәселесі жол құрылысы, ғимарат құрылысы, елді мекенге қажетті басқа да объектілерден кейінгі төменгі деңгейлі мәселе

ретінде қарастырылып келеді (қаржыландыру көзі шектеулі немесе дотацияны қажет етеді). Себебі көгалдандыру сұрағы біршама қаржылық шығынды қажет етеді.

Әлемдік тәжірибиені алып қарасақ, көгалдандыруға кететін қаржы көлемі бірінші кезекте, елді мекеннің климаттық ерекшелігіне, экологиялық ахуалына, инновациялық техника мен технологияны (модернизация) қолдану деңгейіне тікелей тәуелді.

Ал, біздің елде тұрғылықты елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыруына жергілікті атқарушы орган (әкімдіктер) жауапты деп бір сөзбен шектелген.

Маңғыстау облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы немесе Мұнайлы ауданының 2016-2020 жылдарға арналған аумақтарды дамыту бағдарламасының қай-қайсысының да «Аумақтың әлеуметтік-экономикалық талдау көрсеткіштері» бөлімінде елді мекендерді көгалдандыру бойынша бірде-бір көрсеткіш орын алмаған. Осы ретте әлемдік тәжірибиеге назар аударсақ. Мысалы Хельсенки қаласында бір тұрғынға 122 шаршы метр, Перебург қаласында бір тұрғынға 10 шаршы метр көк желек тиесілі екен. Біздің өңірде мұндай көрсеткіш жүргізілмейді.

Соңғы уақытта, қоғамдық орындар (саябақтар, гүлзарлар, желекжолдар және т.б.) мен аймақ территориясын көгалдандыру дәстүрлі әдістен бөлек, инновациялық тәсілдерді қолдануды талап етіп отыр. Маңғыстау өңірінің климаттық ерекшелігін ескеретін болсақ, аталған мәселенің маңыздылығы бірнеше есе артады.

1.2. Заңнамалық шектеулер

Жалпы Маңғыстау облысының көгалдандыру қызметінің ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдері төмендегі заңнамалық актілер негізінде жүзеге асырылады:

- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңы;
- «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы;
- «Маңғыстау облысының жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидалары, Маңғыстау облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бекіту туралы» Маңғыстау облыстық мәслихатының 2018 жылғы 28 ақпандағы № 16/200 шешімі;
- «Маңғыстау облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы»;
- «Мұнайлы ауданының 2016-2020 жылдарға арналған аумақтарды дамыту бағдарламасы» Мұнайлы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы №40/440 шешімімен бекітілген;

Маңғыстау облысының жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау туралы қағидасының екінші бөлімінің 5,13,15,16 тармақшарына сәйкес, жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау шаралары бас жоспарға негізделіп жасақталады және оны есепке алу, күтіп ұстау жергілікті атқарушы билікке жүктелінеді делінген.

2. Жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау шаралары

5. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің көгалдандырылған аумақтарын дамыту дендрологиялық жоспарға сәйкес жүргізіледі.

13. Жасыл екпелердің барлық түрі есепке алынады.

15. Уәкілетті орган жасыл екпелер тізілімін және оларды есепке алуды жүргізеді.

16. Жасыл екпелерді есепке алу нәтижесін көрсететін құжат ресімделген түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдары, сондай-ақ дендрологиялық жоспар болып табылады.

Маңғыстау облысының жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау туралы қағидасының екінші бөлімінің 5,13,15,16 тармақшаларының орындалуын бағалау мақсатында жергілікті атқарушы билік өкілдіктеріне ресми сұраныс хаттары жолданды. Нәтижесінде ауыл әкімдіктерінің аталған қағидатты білмейтіндігі, жасыл екпелердің тұрақты есебінің жүргізілмейтіндігі, жасыл желектер бас жоспар негізінде емес, тек қоршауы бар, суғарылатын орындарға (мектеп, әкімдік, кітіпхана, мәдениет үйі және т.б.) отырғызылатындығы анықталды. Оның басты себебін атқарушы орган су тапшылығымен, егілген жасыл желектердің қараусыз қалуынан қорғаумен түсіндіреді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында Мемлекеттік сатып алу туралы (Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ.) заңында бәсекелік ортаның дамуын тежеуші және жергілікті атқарушы органның қызметін шектеуші факторлардың бірқатар баптары анықталды:

51-бап. Әлеуетті өнім берушілердің жекелеген санаттарының мемлекеттік сатып алуға қатысуы

4. Осы баптың 2-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы хабарландыру мәтінінде мемлекеттік сатып **алу тек қана тауарларды өндіретін және (немесе) беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар арасында жүзеге асырылатынын көрсетеді.**

Тауарларды өндіретін және (немесе) тауарларды беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар осы бапқа сәйкес жүзеге асырылатын **мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізбейді.**

5. Мемлекеттік сатып алу осы Заңның 29-бабының 1-тармағында, 36-бабының 1-тармағында, 38-бабының 7, 8 және 10-тармақтарында көзделген негіздер бойынша өткізілмеді деп танылған жағдайда, тауарларды өндіретін және (немесе) беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан **бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы тапсырыс беруші шешім қабылдауға құқылы.**

Тауарларды өндіретін және (немесе) беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан **бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілмеді деп танылған жағдайда,** тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес өзге де әлеуетті өнім берушілер арасында мемлекеттік сатып алуды қайтадан өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Абаттандыру және көгалдандыру қызметін көрсету бойынша байқаудың тек мүгедектер ұйымдары арасында өткізілуі, бірінші кезекте әкімдіктердің қызметіне кедергі келтіріп отыр. Біріншіден, ондай қоғамдық ұйымдардың саны шектеулі; Екіншіден, монополистік дәреже аталған ұйымдардың кадрлық және техникалық тозуы орын алып отыр; Үшіншіден, байқау мерзімінің орынсыз ұзаруына себеп болып отыр.

1.3. Мемлекеттік сатып алу жұмысының жолға қойылмауы кемшіліктері

Бұл бөлімде Мұнайлы ауданына қарасты ауылдарды көгалдандыруға бөлінетін қаражаттың жұмсалыуына талдау жасалынады.

Бюджеттік құжаттарға сараптама жүргізудің мақсаты: көгалдандыруға бөлінетін қаражаттың тиімді

жұмсалуды бағалау.

Зерттеу нысаны: Атамекен, Басқұдық, Баянды ауылдары.

Зерттеуге негіз болатын ақпарат көзі ретінде Атамекен, Басқұдық, Баянды ауылдарының 2016-2018 жылдар аралығында мемлекеттік сатып алу порталы арқылы өткізген байқау құжаттары (техникалық ерекшелік, аралық, қорытынды хаттамалары, ауыл әкімдерінің жылдық есептері және т.б.), Мұнайлы ауданының 2018 жылға арналған бюджеті алынды.

Байқау құжаттарына зерттеу төмендегі критерийлер негізінде жүргізілді:

Байқау өткізудің мерзімі (саны)

Байқау өткізудің тәсілі

Бөлінген қаражаттың соммасы

Техникалық ерекшеліктің мазмұны

Орындаушыны анықтау

2018 жылдарға арналған Мұнайлы ауданының ауыл, ауылдық округінің бюджеті Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және Мұнайлы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 21 желтоқсандағы №17/220 «2018-2020 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне сәйкес бекітіледі.

Маңғыстау облысы, Мұнайлы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 3 қаңтардағы № 18/233 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 қаңтарда № 3525 тіркелді.

Төмендегі кестеде, 2018 жылға арналған Мұнайлы ауданының ауыл, ауылдық округінің абаттандыру мен көгалдандыруға бөлінген қаражат соммасы келтірілген.

Кесте № 1.

№	Елді мекеннің атауы	Жалпы сомма (мың теңге)	Көгалдандыру (мың теңге)	Абаттандыру (мың теңге)
1	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру Атамекен ауылы	14 200 000	3 750 000	10 450 000
2	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру Басқұдық ауылы	11 300 000	3 571 428	7 728 572
3	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру Баянды ауылы	9 500 000	2 589 000	6 911 000

Талдау барысында, Мұнайлы ауданының ауыл, ауылдық округінің абаттандыру мен көгалдандыруға бөлінетін қаражаттың басым бөлігі елді мекендерді абаттандыруға бөлінетіндігі анықталды. Атамекен ауылдық округі.

2017 жылдың қорытындысы бойынша округ аумағында тіркелген халық саны – 40 772, оның ішінде экономикалық белсенді халық саны – 26 751. Елді мекеннің аумағы 826 га тең. Төмендегі кестеден Атамекен ауылының соңғы үш жылда көгалдандыру бағытында жариялаған байқау нәтижесімен таныс бола аласыздар.

Кесте № 2.

№	Байқау өткізудің мерзімі	Байқау өткізудің тәсілі	Техникалық ерекшеліктің мазмұны	Бөлінген қаражаттың соммасы	Орындаушыны анықтау
1	24.05.2016 - 31.10.2016 (5 ай)	ашық конкурс	550 түп қара ағаш, 200 раушан гүлі	6 995 535	«ЖанРин» ЖШС
2	05.04.2017 - 31.10.2017 (6 ай)	ашық конкурс	600 түп қара ағаш, 200 раушан гүлі	6 618 750	«Ақтау қалалық соқырлар қоғамы»
3	17.02.2018 - 31.10.2018 (10 ай)	ашық конкурс	350 түп қара ағаш, 100 раушан гүлі	3 750 000	«Ақтау қалалық соқырлар қоғамы»

Кестеден көріп отырғанымыздай, көгалдандыру қызметіне байқау тек жылдың ортасына қарай мәресіне жетеді. Сәйкесінше байқау аяқталмағанша, қызмет түрі көрсетілмейді.

Маңғыстау өңірінің климаттық ерекшелігін ескеретін болсақ, бірінші кезекте өткен жылдары отырғызылған ағаштар зардап шегетінін нақты айта аламыз. Себебі сәуір айынан бастап, ауа температурасы 15-18С градустан жоғарыламаса төмендемейді, өздеріңізге белгілі Маңғыстау жерінің құнарлығы төмен (тастақ). Отырғызылған немесе отырғызылатын ағаштары тұрақты суғарып отыру өте маңызды.

Басқұдық ауылдық округі.

2017 жылдың қорытындысы бойынша округ аумағында тіркелген халық саны – 29 761 адам.

Төменде Басқұдық ауылының соңғы үш жылда көгалдандыру бағытында жариялаған байқау нәтижесі келтірілген.

Кесте № 3.

№	Байқау өткізудің мерзімі	Байқау өткізудің тәсілі	Техникалық ерекшеліктің мазмұны	Бөлінген қаражаттың соммасы	Орындаушыны анықтау
1	19.05.2016 - 31.10.2016 (5 ай)	ашық конкурс	500 түп қара ағаш, 60 түп туя ағашы, 200 раушан гүлі	6 274 107	«Атамекен тазалық» ЖШС
2	06.04.2017 - 31.10.2017 (6 ай)	ашық конкурс	200 түп қара ағаш, 60 түп туя ағашы, 200 раушан гүлі	7 855 357	«Қазақ соқырлар қоғамы»
3	24.04.2018 - 31.10.2018 (6 ай)	ашық конкурс	200 түп қара ағаш, 60 түп туя ағашы, 200 раушан гүлі	3 571 428	«Қазақ соқырлар қоғамы»

Кестеде келтірілген мәліметтерге сүйенетін болсақ, ерекше назарға 2017-2018 жылдары көгалдандыруға бөлінген қаражаттың соммасы алынады. Егер 2017 жылы 200 түп қара ағаш, 60 түп туя ағашы және 200 раушан гүліне 7 855 357 теңге бөлінсе, 2018 жылы дәл сол қызмет түріне қаражат 2,5 есе, нақтырақ айтқанда 4 283 929 теңгеге кем бөлініп отыр. Көрсетілетін қызмет көлемінің екі жылда да бірдей болуына қарамастан. Яғни бұдан шығатын қорытынды, көгалдандыру бағытында көрсетілетін қызмет ережесінің, стандарттарының, есептеу жолдарының жоқтығы, көрсетілетін қызметтің ортақ бағасын есептеуге (шығаруға) кедергі болып отыр. Осы ретте бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалуды орын алып отыр деп айтуға толық негіз бар.

Тағы бір ерекше ескеретін жағдай, ауыл әкімінің есебіндегі мәліметтер мен техникалық ерекшелікте көрсетілетін қызмет санының әр түрлі болуы.

Басқұдық ауылы әкімінің 2017 жылдың қорытындысы бойынша жылдық есебінен үзінді: 2017 жылы орталық көше бойына, әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандар ауласына 220 тал, 70 туя және 230 раушан гүл егіліп, күтімге алынды.

Баянды ауылдық округі.

2017 жылдың есебі бойынша округ аумағында тіркелген халық саны – 5920 адам. Еңбек жасындағы экономикалық белсенді тұрғындар саны – 1872 адамға тең.

Төмендегі кестеде Баянды ауылының соңғы үш жылда көгалдандыру бағытында жариялаған байқау нәтижесі келтірілген.

Кесте № 4.

№	Байқау өткізудің мерзімі	Байқау өткізудің тәсілі	Техникалық ерекшеліктің мазмұны	Бөлінген қаражаттың соммасы	Орындаушыны анықтау
1	10.06.2016 - 31.10.2016 (5 ай)	ашық конкурс	400 түп қара ағаш, 100 раушан гүлі	4 475 000	"Қазақ соқырлар қоғамы"
2	27.03.2017 - 31.10.2017 (7 ай)	ашық конкурс	200 түп қара ағаш, 100 раушан гүлі	4 789 000	«Ақтау қалалық соқырлар қоғамы»
3	29.03.2018 - 31.10.2018 (7 ай)	ашық конкурс	300 түп қара ағаш	2 589 000	«Ақтау қалалық соқырлар қоғамы»

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге талдау жасайтын болсақ, өте қызық динамиканы көруімізге болады. Жыл сайын көрсетілетін қызмет санының төмендеуіне тәуелсіз, Баянды ауылы әкімдігі көгалдандыруға бөлінетін қаражат соммасын арттырып отыр. Егер 2016 жылы 400 түп қара ағаш, 100 раушан гүлін отырғызуға жергілікті бюджеттен 4 475 000 теңге бөлінген болса, 2017 жылы бұл көрсеткіш екі есеге артып отыр. Нақтырақ айтсақ, 200 түп қара ағаш, 100 раушан гүлін отырғызуға 4 789 000 теңге қаражат қарастырылған. Яғни бұл жағдай да, Басқұдық ауылына қатысты қорытындымызды қайта дәлелдеуге негіз болып отыр.

Жоғарыда аталған үш ауылға жүргізілген талдау барысында, ортақ тағы бір мәселе орын алып отыр. Ол мемлекеттік сатып алу байқауының бірнеше рет қайтара жариялануы (кемінде екі рет). Байқауды

қайта жариялаудың негізгі себептерінің бірі ол - байқауға бір ғана әлеуетті мердігердің немесе мүлдем ешкімнің өтініш бермеуімен байланысы болып отыр. Ал жергілікті атқарушы органның Мемлекеттік сатып алу заңында көрсетілген шектеулеріне байланысты қызметті бәсекелік ортаға беруге мүмкіндігі жоқ.

Нәтижесінде байқаудың 90% келісім-шарты бір көзден жасалуда. Яғни бұдан шығатын қорытынды, Мемлекеттік сатып алу заңына өзгеріс енгізілмегенінше аталған нарықта бәсекелік орта қалыптаспайды. Сонымен қатар, салыстырмалы түрде көру үшін жоғарыда аталған Атамекен, Басқұдық, Баянды ауылдарына 2017 жылы көгалдандыру қызметін көрсетуге жариялаған байқауына талдау жасалынды.

Кесте № 5.

№	Елді-мекен атауы	Халық саны 2017 ж.	Байқау өткізудің мерзімі	Байқау өткізудің мерзімі	Техникалық ерекшеліктің мазмұны	Бөлінген қаражаттың соммасы	Орындаушыны анықтау
1	Атамекен	40 772	10.06.2016 - 31.10.2016 (5 ай)	ашық конкурс	400 түп қара ағаш, 100 раушан гүлі	4 475 000	«Ақтау қалалық соқырлар қоғамы»
2	Басқұдық	29 761	27.03.2017 - 31.10.2017 (7 ай)	ашық конкурс	200 түп қара ағаш, 100 раушан гүлі	4 789 000	"Қазақ соқырлар қоғамы"
3	Баянды	5 920	29.03.2018 - 31.10.2018 (7 ай)	ашық конкурс	300 түп қара ағаш	2 589 000	«Ақтау қалалық соқырлар қоғамы»

Кестедегі мәліметтерді талдай келе, көрсетілетін қызметтер бойынша ауылдар арасында ешқандай байланыстың жоқтығы анықталды. Отыз мыңға жуық халқы бар Басқұдық ауылына да, алты мың халқы бар Баянды ауылына да байқау аясында бірдей қызмет түрі көрсетіледі. Атқарылатын қызметтің техникалық ерекшелігін жасақтау барысында құжатта елді-мекеннің аумағы, халық саны ескерілмейтіндігі, сондай-ақ қызмет көрсетуші мердігер мекемелердің санының шектеулігі анықталды. Зерттеуге Мұнайлы ауданына қарасты тек үш ауылы іріктелді. Алайда ауданның басқа ауылдардың мемлекеттік сатып алу байқауын өткізу барысына тоқталып өткім келеді. Мысалы, Қызылтөбе ауылы басқа ауылдармен салыстырғанда, байқауды «баға ұсынысы» арқылы өткізген. Батыр ауылы техникалық құжатпен қоса, іс-шара сметасын қоса беріп отыр. Айта кету керек, жоғарыда аталған ауылдардың бір де біреуі қызметтің сметасын жасақтамаған.

2. КӨГАЛДАНДЫРУ ІСІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

2.1. Мұнайлы ауданын көгалдандыру ісін оңтайландыру бойынша ұсыныстар

Аталған бөлім көгалдандыру ісін оңтайландыру бойынша ұсыныстар жасақтауға арналған.

Қолданысқа тиімді ұсыныстар жасақтау мақсатында, зерттеу көгалдандыру ісін жүзеге асырушы мақсатты топ қатысушылары арасында, сараптамалық сұхбат тәсілін қолдану арқылы жүргізілді.

Сараптамалық сұхбат жүргізілген негізгі мақсатты топтар:

Мемлекеттік қызметкерлер (қызметке тапсырыс беруші тарап)

Мердігер мекеме басшылары (қызметті орындаушы тарап)

Агроном мамандар (сарапшылар)

Жергілікті тұрғындар (қызметтің негізгі тұтынушылары)

Негізгі қызметке тапсырыс беруші ретінде, сараптамалық сұхбат бірінші кезекте мемлекеттік қызметкерлер арасында жүргізілді.

Жергілікті атқарушы орган өкілдеріне жүргізілген зерттеу барысында, көгалдандыру ісін ұйымдастыру барысында көптеген қиындықтар орын алатындығы анықталды. Мемлекеттік қызметкерлер негізгі мәселе ретінде, нормативтік-құқықтық актілердің жетілмегендігін (шикілігін) тілге тиек етті.

Мемлекеттік қызметкерлер (қызметке тапсырыс беруші тарап)

Батыр ауылы әкімінің орынбасарының пікірінен, көгалдандыру қызметін көрсетуге жасақталатын техникалық тапсырмада, көрсетілетін қызметтер мен сатып алынатын тауарлардың бағасы **Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары және ережесіне** (ары қарай ҚНЖЕ) негізделіп жасақталатыны, алайда құжатта көрсетілген бағалар Маңғыстау өңірінің нарықтық бағасына мүлдем келмейтіндігі анықталды. Мысалы, ҚР-ның ҚНЖЕ сәйкес, «туя» ағашының бағасы 4000 теңге деп бекітілсе, базарларда ең арзан туя ағашының құны 10000 теңгені құрайды. Сондай-ақ, әкімдік өкілі тұщы судың тасымалданатындығын және сатып алатындықтарын негізге ала отырып, мердігерлердің олармен жұмыс жасауға аса қауқарлы емес екенін атады.

Сонымен қатар, ауыл әкімінің орынбасары жасыл желектерді отырғызу жұмыстарын бастамастан бұрын, дайындық жұмыстарының керектігін, қазіргі таңда жасыл желектерді ауылдың бас жоспары негізінде емес, қоршауы бар, суаруға келетін орындарға отырғызып жатқандықтарын атап өтті.

Атамекен ауылы әкімінің айтуынша, көгалдандыру жұмыстарын жүргізу барысында кездесетін тағы бір үлкен мәселе ол «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңымен байланысты, аталған заңға сәйкес, абаттандыру және көгалдандыру қызметі тек мүгедектер ұйымдары арасында өткізілу қарастырылған. Ондай ұйымдар санының шектеулілігіне байланысты, байқау жеңімпазын анықтау біршама уақытты алатыны, ал көгалдандыру жұмыстарын жүргізу үшін мезгіл кезеңдерін сақтау аса маңызды екенін айтады. Қазіргі таңда, мемлекеттік қызметкер барлық жауапкершілікті өз мойнына ала отырып, жаңа мердігер анықталғанша, бір көзден өткен жылдың жеңімпазымен келісім-шартқа қол қойып отырғандығын, олай жасамаса алдыңғы жылдары отырғызылған ағаштардың құрап қалу қаупі бар екендігін атап өтті.

Мердігер мекеме басшылары (қызметті орындаушы тарап)

Сараптамалық сұхбат барысында, мердігер мекеме басшыларының да аталған қызметті көрсету барысында кейбір қиындықтардың орын алатындығын атады.

Мердігергер мекемелердің негізгі мәселесі ол – байқау лоттарының құны, көрсетілетін қызмет есебінің (хронометраж, калькуляция жасалмауы) жүргізілмеуі, есепке негіз болатын құжаттың жоқтығы мәселенің өзегі болып отыр. Қызмет көрсетушілердің айтуынша, техникалық тапсырмада бұрын отырғызылған ағаш саны 51 000 деп көрсетілсе, нақты ағаштың саны үш есе артық болып шығады екен, яғни бұл техникалық тапсырмада берілетін мәлеттердің жаңартылмайтындығына бірден-бір дәлел.

Тағы бір үлкен кедергі ретінде, мердігер мекеме өкілдері тапсырыс беруші әкімшілік тарапынан жауапкершіліктің (нақты бекітілген маманның) жоқтығын атап өтті. Сонымен қатар, қызмет көрсетуге талап қоғамдық ұйымға емес, коммерциялық мекемелерге қойылғандай жүктеу, ол ұйымдардың құқықтырының бұзылуына дейін алып келіп отыр.

Агроном мамандар (сарапшылар)

Жергілікті агроном мамандардың айтуынша, көгалдандыру қызметіне жылда қыруар қаражат

бөлінетін көрінеді. Бірақ дұрыс күтім болмағандықтан, отырғызылған ағаштар, көкжелектер көп ұзамай солып қалып жатады екен.

Мысалы, Иран елі табиғаты Маңғыстауға өте ұқсас, тастақты, таулы жер. Бірақ ол елде бізге қарағанда, көгалдандыру мәселесі жоқ. Себебі көкжелектере қарайтын арнайы агроном мамандары бар. Біріккен Араб Әмірлігі, нағыз шөлде орналасқан мемлекет, алайда ол елде де көгалдандыру мәселесі әлдеқашан шешілген. Араб Әмірлігі, әрбір тамшы суды үнемді пайдалануды жолға қойған. Мысалы, көп қабатты үйлердің салқындатқыштарынан ағатын суды аулаларын көгалдандыруға пайдаланады екен. Дистиллирленген су ең таза және өсімдік үшін ең пайдалы болып есептеледі. Біздің елде қарапайым тамшылап суғару әдісі де қолға алынбай отыр.

Соңғы 10-15 жылдықта Маңғыстау өңірінен агроном мамандығына мүлдем ешкім бармайтындығын ескеретін болсақ, көгалдандыру мәселесінің кенже қалуы таң қаларлық жағдай емес. Қазіргі кезде көгалдандыру бағытында қолданылып жүрген әдіс-тәсілдер әлдеқашан ескірген. Дамыған елдердің ешбірі біз секілді (водовозбен) суғару жұмыстарын жүргізбейді. Тамшылап суару тәсілі мемлекеттік деңгейде міндеттелген деп айтсақ, артық болмайды.

Жергілікті тұрғындар (қызметтің негізгі тұтынушылары)

Негізгі мақсатты тараптардан бөлек, сараптамалық сұхбат Мұнайлы ауданының қарапайым тұрғындарымен арасында да жүргізілді. Пікірлері төменде келтірілген:

Досжанова Санем, Мұнайлы ауданының тұрғыны:

«Барлығымыз ауылды жерде туып өстік. Ағаштың отырғызылу тәртібін терең білмесек те, жалпы хабарымыз бар. Көп жағдайда көріп жатамыз, күз мезгілінде отырғызылатын ағаштар, көктемнің соңғы айында, кейбір жағдайда тіпті жаз айларында отырғызылып жатады».

Айтжанова Даметкен, Мұнайлы ауданының тұрғыны:

«Жалпы менің отырғызылатын көшеттердің сапасында үлкен күмәнім бар, себебі көріп, байқап жатамыз. Отырғызылған ағаштар, көгермей жатып солып қалып жатады».

Шаулиев Матжан, Мұнайлы ауданының тұрғыны:

«Жылда ағаш отырғызылғанмен, отырғызылған ағаштарды мал жеп қойып жатады, ешқандай қоршау жоқ. Сонымен қатар, ағаштарға су күндіз құйылып жатады. Егісті білмей ме екен? - деген ойда қаласың. Маңғыстаудың күнінен бөлек, желі де жаман. Тез-тез суғарып отырмасаң, бір мезетте топырақты кептіріп жібереді».

Бекниязова Нуркия, Мұнайлы ауданының тұрғыны:

«Мен өзім Маңғыстау ауылында тұрамын. Көгалдандыру жылда тек бір жерде жүргізіледі, халыққа қызмет көрсету орталығының айналасы. Жыл сайын сол жерге ағаш отырғызылып жатқанын көріп жатамын, ол ағаштар дұрыс су құйылмағандықтан, қоршауы болмағаннан қурап қалады немесе адамдардың аяқ асты болады».

Аталған бөлімді талдай келе, төмендегідей қорытынды жасауға болады:

- жасыл желектерді есепке алу және күтіп ұстау бойынша мониторинг жұмыстарының жүргізілмейтіндігі;
- қызмет көрсетудің арнайы стандарттарының жоқтығы;
- агроном мамандарының тапшылығы;
- көрсетілетін қызмет есебінің жүргізілмейтіндігі;
- көгалдандыру жұмыстарының бас жоспарға негізсіз жасалатындығы;

- отырғызылатын ағаштар мен құйылатын судың бағасының ҚНЖЕ (СНиП - строительные нормы и правила) сәйкессіздігі анықталды.

ҰСЫНЫСТАР

Елді мекендерді көгалдандыру мәселесін шешу үшін әлемде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді ескере отырып, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажет. Нормативтік-құқықтық базаның өзгерісі бірінші кезекте көгалдандыру аумағын кеңейтуге септігін тигізеді. Ол өз кезегінде тиімсіз бюджеттік шығындар, тұрғындардың денсаулығының нашарлауы, жасөспірімдер арасында қылмыстың орын алуы (бос уақытында баратын саябақтардың болмауы салдарынан), экологиялық ахуалдың нашарлауымен байланысты мәселенің алдын алуға әсер етеді;

Көгалдандыру қызметінің жергілікті атқарушы орган көрсететін қоғамдық қызмет түрі екенін ескеретін болсақ, оның тиімді жүзеге асырылуы үшін жергілікті биліктің, бизнес-қоғамдастығының, сарапшы мамандардың (агрономдардың), тұрғындардың (осы қызметтің негізгі тұтынушысы, сапасын бағалаушысы) бірлесе жұмыс жасауы аса маңызды. Мемлекет тарапынан көрсетілетін қызмет түрі ретінде, көгалдандыру қызметінің де стандарттарының, ережелерінің болуы қызмет сапасына тікелей байланысты;

Құрылыс объектілерінің есебін уақытылы жүргізу, бас жоспарға негіздеп жасақтау жасыл желектерді отырғызудың тиімді жоспарын жасақтауға септігін тигізеді;

Отырғызылған жасыл желектерге зақым келтірумен байланысты әрекеттер үшін айыппұлдар төлету, тұрғындардың жауапкершілігін арттырады;

Жасыл желектерді отырғызу бойынша аймақаралық және ұйымаралық мәселелердің уақытылы шешімінің табылуы уақыттық және қаржылық сұрақты тиімді жұмсауға мүмкіндік тудырады; Жасыл желектерді есепке алу және күтіп ұстау бойынша мониторинг жұмыстарының жүргізу ағаш санының артуына септігін тигізеді;

Агроном мамандарын өсіру жаңа технологиялар мен инновациялық тәсілдерді қолдануға мүмкіндік тудырады;

Бірыңғай емес, әрбір аймақтың әлеуметтік-экономикалық ерекшелігіне негізделген ҚНЖЕ (СНиП - строительные нормы и правила) сапалы техникалық тапсырма жасауға, уақытты үнемдеуге үлкен көмек болады;

Көрсетілетін қызметтің есебінің жүргізілуі (хронометраж негізінде), бюджет қаражат тиімді жұмсауға, ашықтығын қамтамасыз етуге негіз болады.

